Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОБЪЕКТОВ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИХ СЛУЖБ

ҚР ҚН 3.02-14-2014
СН РК 3.02-14-2014

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті**

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Монолитстрой-2011» ЖШС
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА», ТОО «Монолитстрой-2011»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3	**УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 2
4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР 3
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты 3
4.2 Функционалдық талаптар 4
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 5
5.1 Негізгі ережелер 5
5.2 Сенімділік пен орнықтылықты қамтамасыз ету бойынша талаптар 5
5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша қойылатын талаптар 7
5.4 Пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар 9
5.4.1 Жер теліміне қойылатын талаптар 9
5.4.2 Бөлімшелер үй-жайлары 9
5.4.3 Зертханалық үй-жайлар 10
5.4.4 Әкімшілік және тұрмыстық үй-жайлар 13
5.4.5 Қойма үй-жайлары 13
5.4.6 Виварий үй-жайлары 14
5.4.7 Санитарлық қондырғыларды орналастыру 15
5.4.8 Жарықтандыру 16
5.5 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау 17
5.5.1 Электр қондырғылары 17
5.5.2 Сумен қамту және канализация 18
5.5.3 Жылыту, желдету және ауа баптау жүйелері 19
5.5.4 Қоқыстарды шығару 22
5.6 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті және ғимаратты пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету 23
5.7 Қоршаған ортаны қорғау 24
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ 25
6.1 Энергия тұтынуды азайтуға қойылатын талаптар 25
6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану 25

КІРІСПЕ

Осы құжат нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базасын реформалау шегінде әзірленді.

Осы құрылыс нормасында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы ережелер жинағы «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдарының және бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы құрылыс нормалары Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес әзірленген және жобаланатын және салынатын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін әзірлеу кезінде қолдануға арналған.

Осы құрылыс нормаларының талаптарын орындаудың қолайлы шешімдері мен параметрлері ҚР ЕЖ «Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің объектілерін жобалау» келтірілген.

ҚР ҚН 3.02-14-2014
СН РК 3.02-14-2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОБЪЕКТОВ САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИХ СЛУЖБ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары Қазақстан Республикасы аумағында салынатын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің жер телімін орналастыруға, көлемдік-жоспарлық шешіміне, инженерлік қамтамасыз етілуіне талаптар белгілейді.

1.2 Құрылыс нормалары санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің ерекшеліктерінің функционалдық-ұйымдық ерекшеліктерін ескере отырып, зертханаларды, қоймалық жайларды, виварийлерді, бөлімшелерді жоспарлау кезеңдерінде сақталуы тиіс.

1.3 Осы құжат қайта салынатын және реконструкцияланатын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жобалауға, олардың құрылысына таратылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

2007 жылдың 9 қаңтарындағы № 212-III «Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының кодексі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 29 тамызындағы № 796 Қаулысымен бекітілген «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 16 қаңтарындағы № 14 Қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 17 қарашасындағы № 1202 Қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 10 қаңтарындағы № 13 Қаулысымен бекітілген «Зертханаларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 17 қаңтарындағы № 87 Қаулысымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 24 қазанындағы № 1355 Қаулысымен бекітілген электр қондырғыларын орнату ережелері.

ҚР ҚН 2.02-02-2012 Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 2.04-02-2011 Шудан қорғау.

ҚР ҚН 3.02-08-2013 Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар.

ҚР ҚН 3.02-29-2012 Қоймалық ғимараттар.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.01-03-2013 Сумен жақбытау мен кәріздің сыртқы желілері және имараттары.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 4.03-01-2013 Газ тарату жүйелері.

ҚР ҚН 5.01-02-2013 Ғимараттар мен имараттардың іргелері.

ҚР ҚБҚ 1.01-01-2014 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдаланған кезде сілтеме құжаттардың әрекетін ағымдағы жылғы жағдай бойынша жыл сайын құрастырылатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі» ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс нормаларында ҚР ҚБҚ 1.01-01 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалар бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Биологиялық қауіпсіздік:** Жұмыс істейтін қызметкерлерді, халық пен қоршаған ортаны биологиялық агенттердің (бұдан әрі - БА) әсерінен қорғауға бағытталған медициналық-биологиялық, ұйымдастырушылық және инженерлік-техникалық шаралар жүйесі.

3.2 **Вирусологиялық зертхана:** Биологиялық материалдан және қоршаған орта объектілерінен вирустардың бөлінуі, антигендер мен антиденелерді анықтау бойынша зерттеулер жүргізілетін зертхана.

3.3 **Уақытша зертханалар (эпидемиологиялық отрядтар, экспедициялар):** Мерзімді жұмыс істейтін зертханалар, індеттің жайылу жағдайлары туындаған кезде ұйымдастырылады.

3.4 **Виварий:** Тәжірибе үшін қолданылатын зертханалық жануарлардың әр алуан түрлері орналасқан ұйым бөлімшесі.

3.5 **Қатерсіздендіру:** Қандай-да бір беттен немесе қандай-да бір ортадан радиоактивті ластануды жою немесе төмендету.

3.6 **Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілері:** Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын, сондай-ақ тиісті аумақта, көлікте санитарлық-профилактикалық және эпидемиологияға қарсы шараларды жүргізуді ұйымдастыратын органдар мен ұйымдар ғимараттары.

3.7 **Пандус:** Жолдың көлденең бетін бір деңгейден екіншісіне, оның ішінде кресло-арбамен жылжытуға арналған қозғалыс бағыты бойынша тегіс көлбеуден тұратын құрылыс.

3.8 **Патогенді биологиялық агент (бұдан әрі – ПБА):** Адам үшін патогенді микроағзалар (бактериялар, вирустар, риккетсиялар, хламидалар, қарапайым саңырауқұлақтар, микроплазмалар, эндо және эктопаразиттер), гендік-инженерлік-түрлендірілген микроағзалар, биологиялық және өсімдік тектес улар (токсиндер), гельминттер, сондай-ақ құрамында жоғарыда тізімделген агенттер болуы ықтимал материалдар (қанды, өзге биологиялық сұйықтықтар мен ағза нәжістерін қоса алғанда).

3.9 **Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы:** Факторлардың зиянды әсері жоқ және оның өмір тіршілігінің қолайлы жағдайын қамтамасыз ететін халық денсаулығының жағдайы мен адамның тіршілік ету ортасы.

3.10 **Санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) шаралар:** Тіршілік ету ортасы факторларының адамға зиянды әсерін жоюға немесе кемітуге, жұқпалы аурулар мен жаппай уланудың туындауы мен таралуын болдырмауға және оларды жоюға бағытталған ұйымдастырушылық, әкімшілік, инженерлік-техникалық, медициналық-санитарлық, ветеринарлық және өзге де шаралар.

3.11 **Таза аймақ:** БА қатысатын әрекеттер жүргізілмейтін зертхана үй-жайы немесе үй-жайлар тобы.

4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Осы құрылыс нормаларының нормативтік талаптарының мақсаты пайдаланудың бүкіл мерзімінің бойында қолданудың барлық кезеңінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың денсаулығы мен өмірін және мүлікті қорғау, жұмыс, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, энергетикалық тиімділік пен ресурс үнемдеу үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілері қызмет етудің барлық мерзімінің бойында конструктивтік ұзақ мерзімділігі мен жөндеуге жарамдылығы, әсерлерге, оның ішінде сыртқы және климаттық әсерлерге, барлық маусымдағы және тиісті аймақтардағы факторларға төзімділігін сақтау қамтамасыз етілетіндей жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.2 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінде өрттің туындауының алдын алу, оны ерте анықтауды және автоматты сигнализация жүйелері арқылы хабарлауды, түтіндеу және оттың таралу қаупін шектеуді, сондай-ақ өрт сөндіру күштерінің мүмкіндігін, адамдарды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды мүмкіндігінше тез әкету және қауіпсіз көшіру жағдайларын қамтамасыз ету қажет.

4.2.3 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілеріне адамдардың келуі үшін аумақты көріктендіруді, сәулет-жоспарлау шешімдерін, санитарлық-гигиеналық талаптарды ескере отырып, ғимараттарды пайдалану кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін қажетті жайлы жағдай жасалуы тиіс.

4.2.4 Пайдалану кезінде, сондай-ақ адамдарды, оның ішінде қозғалудың физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялау кезінде көтергіш және және қоршау конструкцияларының төзімділігін сақтау мақсатында отқа төзімді құрылыс материалдары мен бұйымдарды пайдалану қажет.

4.2.5 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жобалау, салу және пайдалану кезінде қызметкерлер үшін жағдайлар жасау, қызмет көрсетілетін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық амандығын, адамның тіршілік ету ортасының денсаулыққа қауіпті әрі зиянды әсерін ескерту, анықтау немесе жою әрекеттерін, індетке қарсы сауықтыру шараларын, денсаулық сақтау ұйымдарының дайындығын қамтамасыз ету қажет.

4.2.6 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ функционалдық-ұйымдық ерекшеліктерді, олардың орналасу аумағын, бағдарын, жоспарламасын, қоршаған ортаның жағдайын (ауа, су, топырақ) және жайлардағы микроклиматты ескере отырып, келуі үшін жағдай (жарықтандыру, жай инсоляциясы, дыбыс оқшаулау) жасау қажет.

4.2.7 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің ішкі инженерлік жүйелері ауаның ылғалдығы мен қозғалу жылдамдығын қоса алғанда, қолайлы микроклиматты, сондай-ақ қабырғалардың ішкі беттерінің температурасын, қоршау конструкцияларының жылуға төзімділігін және еден беттерінің жылу сіңіруін қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.8 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің есептік қызмет ету мерзімін ескере отырып, құрылыс конструкцияларының, материалдар мен бұйымдардың жұмыс қабілеттілігін сақтау арқылы табиғи ресурстардың тиімді қолданылуын қарастыру керек.

4.2.9 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінде энергия тұтынуды үнемдеу мен қысқартуды қамтамасыз ететін жылыту, салқындату, жарықтандыру және желдету құрылғыларын қолдануды ескеру қажет.

5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Негізгі ережелер

5.1.1 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жобалау, салу мен реконструкциялау «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің, «Зертханаларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» және «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерінің, сондай-ақ осы құрылыс нормалары мен Қазақстан Республикасы аумағында жобалау және құрылыс жүргізу ережелерін белгілейтін қолданыстағы басқа да нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

5.1.2 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жеке жер телімдеріне орналастыру қажет.

5.1.3 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін құрылыс жүргізу үшін жобалау кезінде жер телімін топырағы органикалық, химиялық, радиациялық сипатта зақымданған бұрын қоқыс тастайтын жер, қоқыстан тазалау алаңдары, мал қорымдары, зираттар түрінде қолданылған аумақтардан бөлуге жол берілмейді.

5.1.4 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің аумағы арқылы қалалық (ауылдық) мақсаттағы магистральдық инженерлік байланыстар (сумен қамту, канализация, жылумен қамту, электрмен қамту) өтпеуі тиіс.

5.1.5 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің құрылымы мен құрамын мекемелердің функционалдық мақсатын, зертханалық және дезинфекциялық шараларды орталықтандыруды, сондай-ақ қызмет көрсетілетін халық санын ескере отырып жобалау қажет.

5.1.6 Виварий үй-жайларының құрамы мен ауданы жүргізілетін зерттеулер көлемімен және сипатымен, сондай-ақ зертханалық жануарлар (тышқандар, көртышқандар, теңіз шошқасы, қояндар, мысықтар, иттер, тауықтар, көгершіндер және т. б.) түрімен және санымен анықталуы тиіс.

5.1.7 Адамға әсер ететін физикалық факторлар көзі (шу, діріл, ультрадыбыс, инфрадыбыстық әсер, жылу, иондаушы, иондамайтын және өзге сәулелер) болып табылатын қондырғылармен, құрылғылармен, аппараттармен жұмыс жағдайы адамға зиянды әсер етпеуі тиіс. Адамға әсер ететін физикалық факторлар көздері бар жұмыс жағдайының зиянсыздық өлшемі, сондай-ақ әсер етудің шекті жол берілген деңгейі санитарлық нормаларға және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

5.1.8 Лифтілердің қауіпсіз жұмысына қол жеткізу мақсатында оларға ұсынылатын талаптарды орындау қажет.

5.2 Сенімділік пен орнықтылықты қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.2.1 Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер объектісін қауіпсіз пайдалану мақсатында құрылыс конструкцияларының, инженерлік-техникалық қамтамасыз ету

желілерінің бұзылушылық қаупін болдырмайтын талаптарды орындауды, адамдардың өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне, сондай-ақ қоршаған ортаға залал келтіру қаупін алып келуі ықтимал бүлінулерді мейлінше азайтуды қамтамасыз ету қажет.

5.2.2 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін сейсмикалық аудандарда жобалаған және салған кезде Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттар талаптарын сақтау керек.

5.2.3 Құрылыс конструкциялары мен санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің негізін құрылыс жүргізу, пайдалану кезінде мыналардың нәтижесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарларға, қоршаған ортаға, сондай-ақ өсімдіктерге залал келу қаупі туындамайтындай етіп жобалау керек:

а) жекелеген көтергіш конструкциялардың немесе олардың бөліктерінің бүлінуі;

б) бүкіл ғимараттың бүлінуі;

в) құрылыс конструкцияларының, ғимарат негізінің және іргелес аумақтың геологиялық сілемдерінің жол берілмейтін мөлшерінің деформациялануы;

г) көтергіш құрылыс конструкцияларының деформациялануы, жылжуы немесе орнықтылығын жоғалтуы, оның ішінде тік қалыптан ауытқу нәтижесінде ғимарат бөлігінің, желілердің немесе инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жүйелерінің зақымданулары.

5.2.4 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің негізін ҚР ҚН 5.01-02, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жобалау қажет.

5.2.5 Темірбетон, болат және ағаш конструкцияларды жобалау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес олардың ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ететін шараларды қарастыру қажет.

5.2.6 Қоршау конструкцияларында қажетті беріктікке, қаттылыққа, орнықтылыққа, ұзақ мерзімділікке ие болуы, Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес жалпы сәулет, пайдалану, санитарлық-гигиеналық талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

5.2.7 Бақылау-өткізу бекеті (БӨБ) ғимараттарының (құрылыстарының) сыртқы қоршау конструкциялары (қабырғалар мен қоршаулар) құқыққа қарсы сипаттағы әрекеттерді қоса алғанда, сыртқы әсерлерге төзімді болуы және жақсы шолуға мүмкіндік беруі, сондай-ақ күзет қызметкерінің шабуылдан қорғанысын қамтамасыз етуі тиіс.

Қоршау конструкцияларының жекелеген қабаттарының өзара орналасуы кебуге жағдай жасауы және пайдалану кезінде қоршауларға ылғалдың жиналу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

5.2.8 Қоршау конструкцияларының талап етілетін ұзақ мерзімділігін төзімділігі (аязға, ылғалға, биотөзімділігі, тоттануға қарсы, жоғары температураға, циклдік температуралық ауытқуларға және қоршаған ортаның өзге бүліну әсерлеріне төзімділігі) сәйкес келетін материалдарды қолдану арқылы қамтамасыз ету керек.

5.2.9 Қоршау конструкциялары бұйымдардың типтік өлшемдерінің ең аз санымен және қолданылатын элементтерді өзара ауыстыру мүмкіндігімен жасалуы тиіс.

5.2.10 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жобалау кезінде ғимараттар мен құрылыстардың көп қабатты конструкцияларының үздік пайдалану сипаттарын қамтамасыз ету мақсатында оның жылы жағының сыртқы қабаттарына қарағанда, жылу өткізгіштігі мен бу өткізгіштігі жоғары қабаттарда орналастырылуы керек.

5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша қойылатын талаптар

5.3.1 Ғимараттың өрт қауіпсіздігі «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенттерінің және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.3.2 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жобалау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қоймалық үй-жайлардың дұрыс жоспарлануын қарастыру қажет.

5.3.3 Отқа төзімділікті арттыру мен қабырғалардың ішкі және сыртқы беттерінің өрт қауіптілігін төмендету мақсатында жанбайтын материалдан немесе сылақтан қаптау құрылғысын қарастыру керек.

5.3.4 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жоспарлау, салу мен пайдалану кезінде мыналар қамтамасыз етілуі қажет:

а) өрттің туындау ықтималдығын болдырмау;

б) өрт кезінде үй-жайлардың түтіндену қаупінің алдын алу немесе шектеу;

в) адамдарға, мүлікке және ғимаратқа өрттің қауіпті факторлары әсерінің салдарын шектеу;

г) адамдарды эвакуациялауға және өрттен келетін зиянды азайтуға бағытталған өзге де әрекеттерді орындауға қажетті уақыт ішінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің орнықтылығын, сондай-ақ көтергіш құрылыс конструкцияларының беріктігін сақтау;

д) іргелес ғимараттар мен құрылыстарға өртті таратпау;

е) адамдарды өрттің қауіпті факторларының әсері салдарынан олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнгізбей қауіпсіз аймаққа көшіру (мүгедектер мен қозғалу мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер топтарының ерекшеліктерін ескере отырып);

ж) өрт сөндіру күштері құрамының ғимараттың кез келген үй-жайына қатынасу және өрт сөндіру құралдарын жеткізу мүмкіндігі;

и) өрт ошағына өрт сөндіру заттарын беру мүмкіндігі;

к) адамдарды құтқару және өрттен мемлекеттік мүлікке, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар мүлігіне, қоршаған ортаға, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктерге келтірілген залалды азайту шараларын жүргізу мүмкіндігі.

5.3.5 Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында эвакуациялық шығатын есіктер қарастыру қажет, олардың саны эвакуацияның есептік уақытымен анықталуы тиіс.

5.3.6 Өртке қарсы қабырғалар іргетасқа немесе іргетас арқалықтарға сүйенуі және ғимараттың бүкіл биіктігіне салынуы тиіс, олар жабыннан жоғары болуы тиіс.

5.3.7 Өртке қарсы қабырғалар, егер жабынды қоса алғанда, төсем мен шатырдың барлық элементтері жанбайтын материалдардан орындалғанда, жабыннан жоғары болмауы да мүмкін. Сонымен қатар жанбайтын немесе қиын жанатын материалдардан орындалған сыртқы қабырғалары бар ғимаратта өртке қарсы қабырғалар карниз бен шатыр асылмасынан, сыртқы қабырғалар тегістігінен шығып тұруы тиіс.

5.3.8 Қаңқаның оны толтырғышпен және бекіту жіктерімен бірге отқа төзімділік шегі өртке қарсы қабырғаның типіне сәйкес келетін талап етілетін отқа төзімділік шегінен кем болмауы тиіс.

5.3.9 Ғимаратты бөлу кезінде өрт бөліктеріне биік және кең бөлік қабырғасын қолдану керек.

5.3.10 Баспалдақтар санын және олардың санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектісі жоспарында орналасуын сәулет-құрылыс шешіміне, ғимараттың отқа төзімділік шегіне, қабат санына және адам ағындарының қарқындылығына байланысты белгілеу қажет.

5.3.11 Барлық баспалдақтарда аралықтар санын бірдей, алаңдарды марш еніне тең немесе одан үлкен етіп қабылдау қажет.

5.3.12 Жүк көтергіш лифтілік шахталардың есіктері аспалы құлыптармен, кергіштермен, қарапайым хабарлағыштармен және т. б. құрсауланыу тиіс.

5.3.13 Кіреберіс тамбурлардың жоспарын шешкен кезде адам ағындарының еркін қозғалысын ескеру қажет.

5.3.14 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін өртке қарсы қорғаныс жүйесімен жабдықтау керек, ол үшін мынадай міндетті элементтерді қарастыру қажет:

- түтінге қарсы қорғаныс;
- ішкі өртке қарсы су құбыры және автоматты түрде өрт сөндіру құралы;
- өрт бөлімшелеріне арналған лифтілер;
- автоматты өрт сигнализациясы;
- өрт туралы хабарлау және адамдарды эвакуациялауды басқару жүйесі.

5.3.15 Барлық жүйелерді басқаруды бір орталық пульттен жүзеге асыру керек.

5.3.16 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінде ішкі өртке қарсы су құбыры мен автоматты түрде өрт сөндіру жүйелерін бөлек қарастыру қажет.

5.3.17 Оқшауланған баспалдақ құдықтарындағы, лифтілік шахталар немесе соған ұқсас өзге орындардағы өрт хабарлағыштарын жекелеген аймақ түрінде қарастыру қажет.

5.3.18 Отқа қарсы қорғаныс жүйелерінің электр жабдығы өрт жағдайында адамдарды қауіпсіз орынға толық эвакуациялауға қажетті уақыт ішінде жұмысқа қабілеттілігін сақтауы тиіс.

5.3.19 Электр техникалық қондырғылар қауіп көзін болдырмауы және жанудың ғимараттан тыс таралуын болдырмауы тиіс.

5.3.20 Электр техникалық қондырғыларға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары оның конструктивтік ерекшеліктері мен қолданылу саласын негізге ала отырып белгіленеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес қолданылуы тиіс.

5.3.21 Электр техникалық қондырғылар жалынның, қызған элементтердің, электрлік доғаның, байланысу қосылыстарындағы және ток өткізу белдеуіндегі қызу әсеріне, сондай-ақ жұмыстың апаттық режимі (қысқа тұйықталу, артық жүктеме) кезінде жанудың туындауына және таралуына төзімді болуы тиіс.

5.3.22 Жану пайда болғанға дейін апаттық жұмыс режимдерінің туындауы кезінде қорғаныс аппараттары электр тізбегі учаскесін электр энергиясы көзінен ажыратуы тиіс.

5.4 Пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.4.1 Жер теліміне қойылатын талаптар

5.4.1.1 Дезинфекциялық бөлімдерді немесе бөлімшелерді жеке тұрған немесе санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің негізгі объектілеріне жапсарлас ғимараттарға орналастыру керек.

5.4.1.2 Санитарлық өткізуге, дезинфекциялық камералар жайларына кірме жолдар мен кіреберісті және дезинфекциялық өңдеу үшін санитарлық көлікті шығатын және кіретін жерден оқшауланған жерден қарастыру керек.

5.4.1.3 Зертхана ғимараты дербес жер телімдерінде немесе санитарлық-эпидемиологгиялық қызмет объектілерінің аумағында орналастырылуы тиіс.

5.4.1.4 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілері зертханасының жайларын жобалаған кезде оларды:

- дербес ғимаратта;
- кіріктірме-жапсарлас немесе жеке қабаттарда орналастыру қажет.

5.4.1.5 Уақытша зертханаларды қауіпсіздікті, судың, электр энергиясының жеткілікті мөлшерін, сондай-ақ канализация жүйесін ескере отырып, оқшауланған ғимараттарда, жайларда орналастыруға жол беріледі.

5.4.1.6 Қойма кешенінің аумағын электр қондырғыларын орнатудың қолданыстағы ережесінің талаптарына сәйкес қоршаумен және жарықтандырумен қамтамасыз ету қажет.

5.4.1.7 Дезинфекциялық құралдар қоймаларын санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің негізгі ғимараттарына орналастыру керек.

5.4.1.8 Виварий жайларын жеке тұрған ғимаратқа, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер объектілеріне немесе жоғарғы қабаттарға орналастыру қажет.

5.4.1.9 Виварийдің жеке тұрған ғимараттары саңылаусыз қоршаумен қоршалуы және санитарлық-қорғаныс аймағының тұрғын үй аумағынан алыс болуы тиіс, аумақты көгалдандыру қажет.

5.4.1.10 Виварий жайларын күзетпен және өрт сигнализациясымен қамтамасыз ету қажет, ыңғайлы кіретін жол қарастыру керек.

5.4.2 Бөлімшелер үй-жайлары

5.4.2.1 Дезинфекциялық бөлімдерде немесе бөлімшелерде «таза» және «жұқпалы» аймақ қарастыру керек.

5.4.2.2 «Жұқпалы» аймақта мынадай үй-жайлар орналасуы керек:

- жұқпалы заттар мен іш киімді қабылдауға арналған үй-жайлар;
- дезинфекциялау камераларын жүктегіштер;
- дезинфекциялауға және кір жуу құралдарына арналған зат бөлмесі;
- күтуге, қайта киінуге, қарауға арналған үй-жайлар, душ бөлмелері;
- кір жуу цехтары.

5.4.2.3 Қызметкерлер тұрақты келетін орындарды дезинфекциялау заттарын сақтауға арналған үй-жайда жайғастыруға жол берілмейді.

5.4.2.4 Санитарлық-гигиеналық жағдайлары әртүрлі учаскелерді бір ғимаратқа біріктірген кезде жұмыс істейтіндерге, сондай-ақ осы объектідегі тұлғаларға зиянды факторлардың әсерін ескерту жөніндегі шараларды (оқшаулау, әуе шымылдықтары, жеке үй-жайда орналастыру және басқалары) қарастыру керек.

5.4.2.5 Зертханалық үй-жайларды дезинфекция (зарарсыздандыру), дезинсекция және дератизация, қатерсіздендіру құралдары үшін санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес бөлу керек.

5.4.2.6 Биологиялық, емдік-профилактикалық және диагностикалық препараттарға арналған реттелмелі температура режимі бар камералар орналасқан үй-жайларды бөліктерге ортақ тамбур құрылғысы арқылы бөлу керек.

5.4.2.7 Зиянды, сондай-ақ агрессивті заттар бөлінетін дезинфекциялау бөлімдерінде конструкциялардың қабырғалары, төбелері мен беттері үшін сіңуді болдырмайтын және ылғалды тазалауға, жууға жол беретін өңдеу қабатын қарастыру керек.

5.4.2.8 Дезинфекциялық құралдар өндіруге арналған үй-жайларда химиялық заттардың әсеріне төзімді жабындардан тұратын едендер қарастыру керек.

5.4.2.9 Ішкі әрлеу үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілеріндегі үй-жайлардың функционалдық мақсатына сәйкес материалдар қолданылуы тиіс.

5.4.2.10 Үй-жайлар қабырғаларының, едендері мен төбелерінің беттері тегіс, ақаулықтарсыз, ылғалды тазалау үшін оңай қолжетімді және жуу мен дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге төзімді болуы тиіс. Панельдерді қолдану кезінде олардың конструкциясы да тегіс бетті қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.2.11 А және Б тазалық класындағы үй-жайларда төбе мен қабырғаның барлық биіктік бойымен орналасқан жабындары тегіс, ылғалға төзімді, жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдану кезінде орнықты болуы тиіс.

5.4.3 Зертханалық үй-жайлар

5.4.3.1 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет зертханаларының үй-жайларында рұқсат етілмеген енуден қорғау жиынтығын қамтамасыз ететін конструктивтік сәулет-жоспарламасын орындау және қауіпсіздікті техникалық жүйемен жарақтандыру болуы тиіс.

5.4.3.2 Периметрлік қауіпсіздік жүйелеріне қойылатын негізгі талаптар мынадай болуы тиіс:

- барлық маусымдардың және тиісті климаттық аймақтардың сыртқы климат факторларына төзімділігі;

- индустриялық, сондай-ақ көлік құралдарынан туындайтын кедергілерден, құстар мен жануарлар әсерінен қорғалуы.

5.4.3.3 Жылыту бөлмелерін, тоңазыту камераларын, эмбриондарды жұқтыруға, олардың зарарсыздандырылғанын зерттеуге арналған бокстарды терезесіз жобалау керек.

5.4.3.4 Жұмыстарға арналған бөлмелерді зертханаларға орналастыру қажет.

5.4.3.5 Қауіпсіздік мақсатында бокстардың терезе жақтауларын нығыздауыш төсемдерді қолдану арқылы желкөздер мен фрамугаларсыз қарастыру қажет.

5.4.3.6 Санитарлық-химиялық зертханада еденді қышқыл дарымайтын материалмен жабу керек.

5.4.3.7 Бактериологиялық бөлімдер кіре берісіне санитарлық өткізу орнын қарастыру керек.

5.4.3.8 Бактериологиялық бөлімдерде «таза» және «жұқпалы» аймақтар қарастыру керек.

5.4.3.9 Полимеразалық тізбекті реакция (ПТР) әдісімен зерттеу жүргізуге арналған үй-жайларды жобалау кезінде мыналарды қарастыру қажет:

а) сынама дайындау, реакция қоспасын дайындау, нәтижелерді есептеу (детекция) аймақтары үшін жекелеген үй-жайлар бөлуді;

б) сынама дайындауға арналған үй-жайды материалдарды қабылдау бөлмесінің жанына орналастыру керек;

в) детекция бөлмесін өзге аймақтардан алыс немесе оқшауландырылған бөлікте орналастыру керек;

г) әрбір аймақта тоңазытқыштарды/мұздатқыштарды, зертхана жабдығын, реагенттерді, автоматты тамызғыштарды (мөлшерлеуіштерді), ұштықтарды, пластикалық және шыны ыдысты, қорғаныс киімін, аяқ киімді, тальксіз бір рет пайдаланатын қолғаптарды, тазалау құрал-сайманы мен осы бөлмеде ғана қолданылатын өзге шығыс материалын орналастыруға арналған жеткілікті орын мөлшерін қарастыру керек;

д) үй-жайларды ПТР зерттеу үшін жеке ғимаратқа орналастыру кезінде мынадай үй-жайларды қарастыру керек: материалдарды қабылдау, үлгілерді тіркеу және бастапқы өңдеу, дәрігерлерге арналған үй-жайлар, гардероб, дәретхана, душ бөлмесі, қойма бөлмелері, автоклав, жуу.

5.4.3.10 Қосалқы бокстарда бактериология бөлімдерінің, дәрігерлер жұмыс бөлмелерінің, сонымен қатар вирусологиялық бөлімшелер лаборанттарының санитарлық бактериология мен тамшылық инфекциялар жөніндегі зерттеулеріне арналған кіре берістер қарастыру керек.

5.4.3.11 Вирусологиялық бөлімшелерде «таза» және «жұқпалы» аймақ қарастыру қажет.

5.4.3.12 Зертхана кіреберісіне тіркеу орны мен сынамаларды қабылдау бөлмесін орналастыру керек.

5.4.3.13 Зертханада материал алу пункті болған жағдайда, қызметкерлер мен тексеретін тұлғаларға арналған бөлек дәретхана қарастырылады.

5.4.3.14 Микробиологиялық зерттеулер жүргізілетін зертханаларда Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес кіре берістер қарастыру керек.

5.4.3.15 Микробиологиялық зерттеулерге арналған үй-жайларды жоспарлау кезінде таза және жұқпалы ағындардың түйісу ықтималдығын болдырмау керек.

5.4.3.16 Зертханалардағы едендерді қышқылдар мен сілтілердің әсерін ескере отырып орналастыру керек.

5.4.3.17 Өрт пен жарылыс қаупі бар заттармен жұмыс істеуге арналған үй-жайларды көмірқышқылды өрт сөндіргіштермен, сондай-ақ өзге де өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау керек.

5.4.3.18 Жеңіл тұтанатын әрі жанғыш сұйықтықтар қатысатын жұмыстардың барлығы желдеткіш жұмыс істеп тұрған электр құралдары, сондай-ақ электр аспаптары мен газ жанарғылары өшірілген тартпа шкафында жүргізіледі.

5.4.3.19 Тәжірибелік, диагностикалық және өндірістік жұмыстар жүргізілетін, сонымен қатар I-II топтағы патогенді БА сақталатын объектілерде өткізу режимін белгілеу керек.

5.4.3.20 ПБА қатысқан жұмыстар жүргізілетін үй-жайларды бактерицидтік сәулелендіргішпен жабдықтау керек.

5.4.3.21 Патогендігі I-II топпен немесе жұқтыру ықтималдығы бар материалмен жұмыс жүргізілетін стационарлық зертханаларға арналған қоршауды жобалаған кезде олар нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес негізгі болуы тиіс.

5.4.3.22 Сыртқы қоршау жағдайында бекітілмейтін есіктердің, қақпалардың, шағын есіктердің, сонымен қатар ойықтар мен өзге зақымданулардың болуына жол берілмейді.

5.4.3.23 Радиологиялық зертхананы жобалау кезінде «лас» және «таза» аймақ қарастыру қажет.

5.4.3.24 Радиологиялық зертхананың лас аймағында мыналар орналасуы керек:

а) сынамаларды дайындауға, сақтауға және минералдандыруға арналған бөлме;

б) радиохимиялық зерттеулерге арналған аймақ (лас аймақ);

в) ыдысты, контейнерлерді, жабдықты, іш киім мен арнайы киімді қатерсіздендіруге арналған бөлме.

5.4.3.25 Радиологиялық зертхананың таза аймағында мыналар орналасуы керек:

а) сынамаларды дайындауға, сақтауға және минералдандыруға арналған бөлме;

б) радиохимиялық зерттеулерге арналған аймақ (таза аймақ);

в) сұйық радиоактивті қалдықтарға, контейнерлер мен арнайы цистерналарға арналған аймақ.

5.4.3.26 Лас және таза аймақтар арасында санитарлық өткізу орны қарастырылуы тиіс.

5.4.3.27 Радиологиялық топтарға арналған үй-жайларды радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы негізгі санитарлық ережелерге сәйкес жобалау керек.

5.4.3.28 Көрсетілген үй-жайларды бір-біріне тікелей байланыстыру арқылы жобалау керек.

5.4.3.29 Жұқпалы аймаққа арналған үй-жайда есіктері автоматты түрде құрсауланатын өтпелі автоклав қарастыру керек.

5.4.3.30 Шлюздерге кіретін есіктерге өздігінен жабылатын және жабдықталған құлыптарды қарастыру керек.

5.4.3.31 Барлық бокстарда қол жууға арналған раковиналар (қолжуғыштар), айна және дезинфекциялайтын ерітінді бар сыйымдылықтар орнатылатын қосалқы бокстар болуы тиіс.

5.4.4 Әкімшілік және тұрмыстық үй-жайлар

5.4.4.1 Әкімшілік үй-жайларды ҚР ҚН 3.02-08 және Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жобалау қажет.

5.4.4.2 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің үй-жайларында жұмыс орнын ұйымдастыру кезінде жұмыс орнының ауданын, желдету және жарықтандыру жағдайларын, оның ішінде мүгедектер мен өзге де мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер топтарының ерекшеліктерін ескеру керек.

5.4.4.3 Ірі өлшемді жабдықты жұмыс орындарында орналастыру және ұжымдық қолдану кезінде үй-жайлардың аудандарын ҚР ҚН 3.02-08 талаптарына және қондырғыларды қолдану жөніндегі техникалық құжаттарға сәйкес ұлғайту керек.

5.4.4.4 Ұйымдастырушылық және әкімшілік бөлімдерді қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар топтарының жанына орналастыру қажет.

5.4.4.5 Медициналық мұрағаттарды, вестибюльдерді, іш киімдерді жууға арналған үй-жайларды, халыққа арналған санитарлық өткізу орындарын, дезинфекциялық камералар бөлімдерін, қызметкерлерге арналған буфеттерді, жөндеу шеберханаларын астыңғы қабатта орналастыруға жол беріледі.

5.4.4.6 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінде буфеттер қарастыруға жол беріледі.

5.4.5 Қойма үй-жайлары

5.4.5.1 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жобалау кезінде ҚР ҚН 3.02-29 және Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа да қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес шаруашылық-қойма үй-жайларын қарастыру қажет.

5.4.5.2 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өртке қарсы бөліктер әрқашан бос болуы тиіс, оларды материалдарды, қондырғыларды, буып-түю ыдыстары мен көлік тұрағы үшін пайдалануға жол берілмейді.

5.4.5.3 Қоймада шағын ыдысты дезинфекциялық құралдарды сақтауға арналған металл стеллаждар мен дезинфекциялау құралдары салынған шыны бөтелкелерге арналған ағаш сөрелер орналастыру керек.

5.4.5.4 Биологиялық, емдік-профилактикалық және диагностикалық препараттарға арналған реттемелі температура режимі бар камералар орналасқан үй-жайларда бөліктерді ортақ тамбур арқылы бөлу керек.

5.4.5.5 Еден жабыны, қабырғалар, төбелер, қойманың ішкі конструкциясы үшін химиялық әсерлерден қорғауды қамтамасыз ететін және бетіне ылғал жинамайтын және зиянды немесе агрессивті заттардың сіңуін болдырмайтын және ылғалды тазалау мен жууға жол беретін материалдарды (керамикалық плита, майлы бояу) қолдану керек.

5.4.5.6 Үй-жай температурасы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес жол берілетін деңгейден төмен болмауы тиіс.

5.4.5.7 Қойма үй-жайы жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттар құрамының шекті жол берілген шоғырдан аспауын қамтамасыз ететін желдеткішпен (табиғи немесе механикалық) жабдықталады.

5.4.5.8 Қоймаларды тек орталықтан (бу, су) ғана жылытуға жол беріледі.

5.4.5.9 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жүк көтергіштермен жабдықтау керек.

5.4.5.10 Көтергіштер саны Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес анықталады. Бұл ретте бактериологиялық және вирусологиялық зертханаларда бөлек көтергіштер қарастырылуы тиіс.

5.4.5.11 Таза (қосалқы) құрал-сайман қоймасын қарастыру, оны дезинфекциялық-жуу бөлімінің жанына орналастыру қажет.

5.4.5.12 Дезинфекциялық құралдарды сақтауға арналған үй-жай құрғақ болуы керек.

5.4.5.13 Дезинфекциялық құралдарды тікелей күн сәулелерінің әсерінен жасырын орындарда сақтау керек.

5.4.6 Виварий үй-жайлары

5.4.6.1 Виварий үй-жайлары бір-бірінен оқшауланған мынадай үй-жайлар тобынан тұруы тиіс:

- жануарларды ұстауға арналған;
- карантиннен;
- изолятордан;
- манипуляциялық;
- жануарларды жұқтыруға арналған;
- асханалар мен өзге үй-жайлардан.

5.4.6.2 Тәжірибеде қолданылатын қос мекенді жануарлар мен балықтар механикалық түрде жұмыс істейтін тарту-сору желдеткішімен жабдықталған астыңғы немесе жертөлелік үй-жайларда орналасуы тиіс.

5.4.6.3 Изолятор, карантин, жануарларды жұқтыруға арналған үй-жайларды, ас үйлер, сонымен қатар ұсақ жануарлар мен қалдықтарды өртеуге арналған үй-жайларды жекелеген сыртқы кіре беріс жолмен жобалау керек.

5.4.6.4 Әрбір виварийде түсетін жануарларды қабылдауға арналған үй-жай болуы тиіс.

5.4.6.5 Ұсақ кеміргіштер бар виварийлерде, қабылдау бөлімінің алдында түскен жануарларды машина тиейтін және түсіретін жылытылған тамбур орнатылады.

5.4.6.6 Зертханалық корпустар виварийлерін орналастыру кезінде қабылдау бөлімі мен жылытылған тамбур тек зертханалық жануарларды көтеру үшін қолданылатын лифт арқылы виварийменбайланыстырылады.

5.4.6.7 Карантин бөлмелеріне ауру және ауру деп күдіктенген жануарларға арналған оқшаулау бөлмесімен шектеседі.

5.4.6.8 Зертханалық жануарларды орналастыруға арналған үй-жайлар желдету жүйесіне қосылған торларға арналған шкафтармен жабдықталуы тиіс.

5.4.6.9 Бастапқы өңдеу камерасының бөлмесін өзгелерден бөлу және тарту-сору желдеткішімен және камералардағы арнайы құралдармен бөлу керек.

5.4.6.10 Қазандық бөлмесінде ұсақ жануарлардың өліктері мен қалдықтарды өртеуге арналған үй-жай қарастыру керек.

5.4.6.11 Патологиялық-анатомиялық мақсатта союға дейін жануарлардың өліктерін сақтау үшін виварий бөлімінің диагностикалық бөлмесіне арнайы тоңазытқыш қарастыру керек.

5.4.6.12 Жемдер мен жартылай фабрикаттарды осы мақсат үшін арнайы бөлінген жер – қоймада сақтау керек.

5.4.6.13 Виварийдің «таза» үй-жайларына, жеке тұрған ғимараттарға кіру гардероб арқылы орындалады.

5.4.6.14 Жануарларды, изоляторларды қабылдау, карантиндеу, тәжірибелік және жұқтырылған жануарларды орналастыру бөлмелерінің, зарарсыздандыру бөлмесінің, ас үйдің, дезинфекциялық-жуу бөлімінің, құрал-саймандар қоймасының, қызмет көрсететін қызметкерлердің тұрмыстық үй-жайларының, дәліздердің едендері су өткізбейтін материалдан, ернеуліктерсіз болуы тиіс, канализацияға жалғанған ағызу жолдарына, науаларға көлбеу болуы қажет.

5.4.6.15 Шырағдандар мен жабық типті жарықтандыру арматурасы ылғалды тазалау үшін қолжетімді болуы тиіс.

5.4.7 Санитарлық қондырғыларды орналастыру

5.4.7.1 Қызметкерлерге арналған тазалау кабиналары мен душ бөлмелерінің өлшемдерін Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастыру керек.

5.4.7.2 Жедел бөлімше мен зертхана қызметкерлеріне арналған санитарлық тораптарды бөлек қарастыру керек.

5.4.7.3 Зертханалар қызметкерлердің қолдарын жууға арналған раковиналармен жабдықталады. Сонымен қатар ыдыстарды, араластырғыштар арқылы суық және ыстық су жеткізілетін құрал-саймандарды жууға арналған раковиналар немесе ванналар орнатылады.

5.4.7.4 Инфекциялық бөлімдер зертханаларына, бактериологиялық зертханаларға, сонымен қатар қызметкерлерге арналған санитарлық өткізу орындарына, шлюз-бокстарға, жартылай бокстарға және санузелдерге кіре беріс алдындағы үй-жайларды шынтақпен

басқарылатын (жанасусыз, басқышты және білезіктің қатысуынсыз өзге) араластырғыштар орнатылған қолжуғыштармен, сұйық (антисептикалық) сабын және антисептик ерітінділері салынған дозаторлармен жабдықтау керек.

5.4.7.5 Раковиналар мен өзге санитарлық құралдарды, сондай-ақ қабырғалар мен аралық қалқалардың ықтимал ылғалдануына байланысты қолданылатын жабдықтарды орнату орындарын ылғалға төзімді материалдармен өңдеу керек.

5.4.8 Жарықтандыру

5.4.8.1 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін табиғи және жасанды жарықтандыруды жобалау ҚР ҚН 2.04-01 және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

5.4.8.2 Табиғи жарықтандыру адамдар тұрақты келетін үй-жайлар үшін қарастырылады.

5.4.8.3 Виварий үй-жайларын жобалаған кезде табиғи және жасанды жарықтандыруды қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастыру керек.

5.4.8.4 Кез келген зертханалық жануар түрлері орналасқан үй-жайларға жобалау кезінде сыртқы терезелер қарастыруға жол берілмейді.

5.4.8.5 Зертхана үй-жайларын табиғи және жасанды жарықпен жабдықтау қажет.

5.4.8.6 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің үй-жайларына мынадай жағдайларда біріккен жарықтандыру қарастыру керек:

а) дәлдік разряды I-III түрдегі көз жұмыстары жүргізілетін үй-жайларда;

б) ғимараттың өндіріс технологиясы және оны ұйымдастыру бойынша таңдап алынған көлемдік-жоспарлық шешімдері нормаларға сәйкес үй-жайлардың жеткілікті жарықтандырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе;

в) бір ғана табиғи жарық арқылы жарықтандыруды қанағаттандыру қиын немесе мүмкін емес жұмыс орындарындағы жарықтандыру қарқындылығына, сапасына және тұрақтылығына қойылатын талаптардың жоғары болуы кезінде.

5.4.8.7 Рекреациялар ретінде пайдаланылатын дәліздерді табиғи жарықпен шет жағынан немесе бүйірлік жағынан жабдықтау керек.

5.4.8.8 Жарықтандыру желілері сенімділікті, ұзақ мерзімділік пен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.8.9 Сымдар мен кабельдердің қималары электр қондырғыларын орнатудың қолданыстағы ережелеріне сәйкес қыздыру жағдайлары негізінде есептелуі тиіс.

5.4.8.10 Зат бөлмелерін, санитарлық желілер орналасқан үй-жайларды, қызметкерлерге арналған жеке гигиена бөлмелерін, душ бөлмелері мен гардеробтарды екінші жарықпен немесе тек табиғи жарықпен жарықтандыруға жол беріледі.

5.4.8.11 Жасанды жарық (жалпы және жергілікті), жарық көзі, шам типі Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормалар мен нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданады.

5.4.8.12 Төбелерге орнатылатын үй-жайлардағы жалпы жарықтандыру шырағдандарын тегіс (жабық) шашыратқыштармен қолдану керек.

5.4.8.13 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жайлылық жасау мақсатында эвакуациялық апаттық жарықтандыру шырағдандары қосалқы станция қалқанынан, ал бір кіре беріс болған жағдайда, кіріс-тарату құрылғысынан (КТҚ) бастап, жұмыспен байланыспайтын желіге қосылуы тиіс.

5.4.8.14 Жасанды жарықтандырудың нормативтік параметрлерін қамтамасыз ету мақсатында қызметкерлердің жұмыс орындары жергілікті жарықтандыру шырағдандарымен жабдықталады.

5.4.8.15 Компьютер техникасы орналасқан жұмыс орындарының жарықтандырылуы дербес электронды-есептеуіш машиналарға, жұмысты ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық нормаларды белгілейтін санитарлық талаптарға және қолданыстағы басқа да санитарлық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

5.4.8.16 Қызметкерлердің жұмыс орындары эргономиялық талаптар мен қолданыстағы басқа да нормаларды ескере отырып орналастырылуы тиіс.

5.4.8.17 Қойма үй-жайларын кезекпен жарықтандыруға және оларға айыр розеткалар орнатуға жол берілмейді.

5.4.8.18 Ғимараттарда негізгі (жұмыс) қуаты бұзылған жағдайларда, апаттық жарықтандыруды қарастыру керек.

5.4.8.19 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілері аумағының қоршауының периметрі бойынша жарықтандыру қарастырылуы тиіс.

5.4.8.20 Күзетті жарықтандыру желісі дербес болуы және Қазақстан Республикасындағы қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

5.5 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау

5.5.1 Электр қондырғылары

5.5.1.1 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерінің электр техникалық құрылғыларын Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес орналастыру керек.

5.5.1.2 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жобалау кезінде электр қондырғысын, электр жарығын орнату мен монтаждау, жерге тұйықтау, сондай-ақ найзағайдан қорғау әрекеттерін ескере отырып, өрттің алдын алатын техникалық шараларды есепке алу қажет.

5.5.1.3 Қоймаларда орнатылған электрлік желілер мен электрлік қондырғыларды Электр қондырғыларын орнату ережесіне сәйкес жобалау керек.

5.5.1.4 Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін жобалау кезінде ҚР ҚН 2.02-02 сәйкес орындалуы тиіс автоматты өрт сигнализациясына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттар талаптарын ескеру қажет.

5.5.1.5 Күзет, қауіп сигналдары мен қатынауды басқару жүйелері кешенінде аккумулятордан қолдау көрсетілетін үздіксіз қуат көзі болуы тиіс.

5.5.1.6 Объекті аумағын немесе оның периметрін басқаруға арналған бейнекамералар сыртқы қондырғыларға климаттық факторлардың әсер ету жағдайлары

кезінде климаттық аймаққа сәйкес жұмыс істеуі немесе оның жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін саңылаусыз термиялық қаптарда орналасуы тиіс.

5.5.1.7 Лифтінің электр қондырғысы апаттық жағдайлардың, адамдардың қатысуымен болатын апаттық немесе жазатайым жағдайлардың туындауына жол бермеуі тиіс.

